

А.А. Касымова , А.Т. Омарова , С.М. Дуйсенова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,  
e-mail: bota\_9219@mail.ru, e-mail: omarova.ase@mail.ru, e-mail: sofico\_d@mail.ru

## АҒЗА ДОНОРЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТҮСІНІКТЕРДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Мақалада ағза донорлығы туралы әлеуметтік түсініктер теориялық-методологиялық тұрғыда қарастырылады. Сонымен қатар келісу және келіспеу презумпциясына байланысты ағза донорлығы барысында орын алатын қоғамдық қайшылықтар талданады. Мақаланың мақсаты-трансплантация барысында донор мен реципиент арасында болатын тұлғааралық қатынасты әлеуметтік-экономикалық, экономикалық-антропологиялық бағытта қарастыру. Себебі, ғылыми-техникалық революция заманында ағза мүшелерін транспланттау мәселесі медицина саласында үлкен жетістіктерге жеткенімен, донорлыққа сұраныс пен ұсыныс арасындағы сәйкессіздік қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Әлем бойынша жыл сайын «күту парағында» ағза мүшелеріне мұқтаж білдірушілердің саны төменгі көрсеткішке түскен емес.

Мақалада ағза мүшелері донорлығы барысындағы донор мен реципиент қатынасы Марсель Мосстың «сый алмасу» тұжырымдамасына байланысты «Кула шеңбері», «потлач» түсініктері аясында және Маршалл Салинздың «реципрокность» ұғымына сәйкес қарастырылды. Маршалл Салинздың генерализацияланған реципрокность тұжырымдамасы негізінде генетикалық донорлық мәселесі талданады.

Мақалада келісу және келіспеу презумпциясының оң және теріс қырларының қоғамға әсері теориялық-методологиялық тұрғыда айқындалды. Сонымен қатар, ағза донорлығына байланысты шет елдік тәжірибиелер, заң актілері, діни-этикалық қағидаттар қарастырылды.

Теориялық зерттеу барысында алынған нәтижелер ағза донорлығына қатысты қоғамдық пікірдегі қайшылықтарды шешуге, ағза донорлығына қатысты әлеуметтік-экономикалық, моральдық, этикалық тұжырымдар қалыптастыруға әсер етеді. Зерттеу материалдары мен тұжырымдарды академиялық қызметте, әлеуметтік-медицинада қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** органикалық айырбас, Кула шеңбері, сый алмасу, реципрокность, келісу презумпциясы, келіспеу презумпциясы, альтруизм.

A.A. Kasymova, A.T. Omarova, S.M. Duysenova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,

e-mail:bota\_9219@mail.ru, e-mail:omarova.ase@mail.ru, e-mail: sofico\_d@mail.ru

### Theoretical and methodological foundations of social concepts of organ donation

The article deals with the social concepts of organ donation in the theoretical and methodological aspect, as well as analyzes the contradictions in the context of public relations, in connection with the presumption of consent and the presumption of disagreement. The purpose of the article is to consider interpersonal relations between the donor and recipient in socio-economic and economic-anthropological aspects. Despite the fact that in the era of scientific and technological revolution, medicine in the field of organ donation and transplantation is achieving significant success, the disparity between supply and demand for donor organs remains one of the most pressing problems in the world. Every year, the number of people who need donor organs on waiting lists around the world does not fall to low values.

The article considers the relationship between the donor and recipient within the concepts of "circle of Kula", "potlatch" in accordance with the concept of "gift exchange" by Marcel moss and the concept of "reciprocity" by Marshall Salins. The problem of genetic donation is analyzed based on the concept of generalized reciprocity by Marshall Salins.

The theoretical and methodological aspects of the influence of positive and negative aspects of the presumption of consent and disagreement on society are analyzed. In addition, foreign experience, legislative acts, religious and ethical principles related to organ donation were considered.

The results obtained in the course of theoretical research contribute to the resolution of contradictions in the public consciousness regarding organ donation, the formation of socio-economic, moral, and ethical conclusions regarding organ donation. The research materials and conclusions can be used in academic activities and in social medicine.

**Key words:** organic exchange, Kula circle, gift exchange, reciprocity, presumption of agreement, presumption of disagreement, altruism.

А.А.Касымова, А.Т. Омарова, С.М.Дуйсенова

Казахский национальный университет им.аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,  
e-mail: bota\_9219@mail.ru, omarova.asem@mail.ru, e-mail: sofico\_d@mail.ru

### Теоретико-методологические основы социальных представлений о донорстве органов

В статье рассматриваются социальные понятия о донорстве органов в теоретико-методологическом аспекте, также анализируются противоречия в контексте общественных отношений, в связи с презумпцией согласия и презумпцией несогласия. Целью статьи является рассмотрение межличностных отношений между донором и реципиентом в социально-экономических и экономико-антропологических аспектах. Несмотря на то, что в эпоху научно-технической революции медицина в области донорства и трансплантации органов достигает значительных успехов, диспропорция между спросом и предложением на донорские органы остается одной из актуальных проблем в мире. Ежегодно по всему миру в «листах ожидания» количество людей, нуждающихся в донорских органах, не снижается до низких значений.

В статье рассматриваются отношения донора и реципиента в рамках понятий «круг Кула», «потлач» в соответствии с концепцией «дарообмена» Марселя Мосса и понятием «реципрокность» Маршалла Салинза. Подвергается анализу проблема генетического донорства на основе концепции генерализованной реципрокности Маршалла Салинза.

В теоретико-методологическом плане анализируется влияние на общество положительных и отрицательных аспектов презумпции согласия и несогласия. Кроме того, были рассмотрены зарубежный опыт, законодательные акты, религиозно – этические принципы, связанные с донорством органов.

Результаты, полученные в ходе теоретического исследования, способствуют разрешению противоречий в общественном сознании в отношении донорства органов, формированию социально-экономических, моральных, этических выводов в отношении донорства органов. Материалы и выводы исследования могут быть использованы в академической деятельности, в социальной медицине.

**Ключевые слова:** органический обмен, круг Кула, дарообмен, реципрокность, презумпция согласования, презумпция несогласия, альтруизм.

### Кіріспе

Адамзат баласы жер шарында қалыптасқаннан бастап нарықтық кезеңге дейін қоғамдық қатынастар экономикалық негізде жүзеге асырылуда. Ең алғашқы экономикалық байланыстың негізін «айырбас» құрайтыны белгілі, «айырбастың» типтік түрі мен құны жаһандық революциялық ағымдарға байланысты эволюцияға ұшырап отырды және бұл үздіксіз жүретін процесс. Төртінші ғылыми техникалық революция заманында «айырбас» тек экономика саласында емес, биомедицина саласында да көрініс тапты. Адам органдарын транспланттау жүйесі дамыған кезеңнен бастап, «органикалық айырбас» ұғымы ғылыми айналымға ене бастады. Алайда, биомедицина саласында айырбас ұғымына тән экономикалық қағидат сақталмады, яғни сұраныс пен ұсыныс тең жағдайда қалыптаспады. Сол себепті, батыстық зерттеушілер «Органикалық айырбас» ұғымын экономикалық антропология саласында қоғамдық қатынастарды реттеу үшін қалыптасқан «сый және айырбас, сый алмасу» теориясы тұрғысынан қарастырды (Штайнер, 2014:17).

«Органикалық сый алмасу» теориясын қарастырған кезеңде «сый» ұғымына классикалық анықтама беруші Марсель Мосс және сый алмасу барысында туындаған «reciprocity» ұғымы негізінде қалыптасқан, «сыйлық» пен туыстық арақатынас сипатталатын Маршалл Салинз, Огюст Конттың «альтруизм» ұғымына сүйенуге болады. Аталмыш еңбектер қоғамдағы ағза донорлығы процесінде тұлғааралық қарым-қатынасты әлеуметтік, моральдық, құқықтық, этикалық тұрғыда қарастыруға ықпал етеді.

Мақалада қоғамдық қатынас түрлеріне жататын «сый» және «айырбас» ұғымдарына байланысты жоғарыда аталған авторлардың тұжырымдары бүгінгі медицина саласында адам ағзаларының донорлығына қатысты әлеуметтік, моральдық, құқықтық, этикалық контексті теориялық-методологиялық тұрғыда қарастырылады. Ағза донорлығына қатысты процесті экономикалық антропология тұрғысынан қарастырған авторлардың еңбектеріне талдау жүргізілген. Сонымен қатар, мақалада «органикалық сый алмасу» тұжырымдамасының Қазақстан қоғамы аясындағы қолданыс деңгейі қарастырылады.

Сондай-ақ ағза мүшелерінің донорлығы медицина саласындағы келіспеу презумпциясына сәйкес альтруистік және реципрокность түсінігі бойынша тұжырымдалады. Реципиентке өз еркімен донор болу альтруизмнің ең шеткі нысаны ретінде ретінде сипатталады, өзін-өзі құрбандыққа шалу болып есептеледі. Батыс елдерінде ағза мүшелерінің донорлығы альтруистік принциптерге негізделген. ТМД елдерінде және көптеген дамушы мемлекеттерде транспланттау процесінде альтруизмге заң тұрғысынан шектеу қойылған. Себебі, дамыған елдермен дамушы елдер азаматтары арасында жасырын ағза сату бизнесі жанданып кетуі мүмкін. Сондықтан да, халықаралық «күту парағының» саны ұдайы өсуде және төмендетуге келмейді (Бердышева, 2012:67). Қазақстанда да донорлық қызмет көрсету мұқтажлығы мен оларды іске асыру мүмкіншілігінің арасындағы қалыптасқан үйлесімсіздік жоғары деңгейде. Аталмыш медициналық көмектің түріне сұраныс пен донорлық ағза мүшелері санының сәйкессіздігі қоғам алдында үлкен сұрақ туғыза отырып, әлеуметтік механизмдерді іске қосуды мысалы, донорлыққа белсенділік танытушы қайраткерлер сынды қоғам орта қалыптастыруды талап етіп отыр. Аталмыш тақырып тек медициналық ғылым проблемасы емес, жалпы жаһандық қоғам өзекті мәселелердің бірі.

Мақаланың мақсаты – еліміздегі ағза мүшелері донорлығы, яғни реципиент пен донор арасындағы тұлғааралық байланыс қоғамдық қатынастың қандай түріне негізделіп жүргізілетіндігін теориялық-методологиялық бағытта зерттеу. Сол себепті, ағза донорлығына қатысты реципиент пен донор арасында жүретін процесс келісу презумпциясына сай «сый алмасу» теориясы, келіспеу презумпциясына байланысты «реципрокность» және «альтруизм» ұғымдары шеңберінде қарастырылған. «Сый алмасу» теориясы тұжырымдамасына сай «Кула шеңбері», «потлач» ұғымдары қоғамдық қарым-қатынастың маңызды, моральдық тұрғыда құнды бөліктері, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ететін жүйе ретінде сипатталады.

### Негізгі бөлім

Ағза органдарының донорлығы және трансплантация мәселесі әлемдік деңгейде шешімін таппаған жаһандық проблемалардың бірі. Медицина саласында озық технологиялар мен білікті мамандар арқасында ағза мүшелерінің трансплантациясы мәселесі өз даму деңгейіне

жеткенімен, ағза мүшелерінің донорлығының тапшылығы әлеуметтік шиеленіскен мәселе. Әлемдік алпауыт мемлекеттер қоғамда ағза донорлығына байланысты бірнеше заң жобаларын тәжірибеден өткізуде. Себебі, донорлық мәселесі индивидтер арасындағы ортақ пікірге негізделуі тиіс. Бір адамның екінші адамға өмір сыйлау процесі қоғамда әр түрлі деңгейде жүзеге асып жатады. Адам ағзасы құнсыз платформа есебінде қарастырылғаны жөн. Бұл процесті теориялық-методологиялық тұрғыдан зерттеу барысында Марсел Мостың еңбегіне сүйенуге болады.

Марсель Мосстың туындысы белгілі бір топтар арасында материалдық нысандар алмасудың нәтижесінде қалыптасқан топ мүшелері арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастың даму деңгейін зерттеуге арналған. Мосс архаикалық кезеңнен бастап әр түрлі қоғамның экономикалық даму деңгейін зерттей келе, барлық қоғамға тән ортақ қасиет – өзара айырбас тәжірибесі, деген қорытынды жасайды. Сондай-ақ, зерттеуші өзара алмасу жүйесі бойынша «сыйлық беру» қандай да бір материалдық игілікті беру және алуға негізделгендігін сипаттайды. Сонымен қатар, сый алмасу үдерісі жеке тұлғалар ғана емес, жекелеген топтар арасында орын алатын жалпы феноменнің ажырамас бөлігі болып табылады. Сый алмасу бейбітшілікке негізделген ортақ қоғам құрудың және әлеуметтік ынтымақтастық кеңістігін құрудың жолы. Мосс салыстырмалы зерттеу әдісін қолдана отырып, сый алмасу кезеңінде сыйдың құны тек экономикалық деңгейде емес, әр халықтың өмір-салтына сай анықталатындығын айқындады. Аталмыш процестің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын этнографиялық зерттеу әдісін қолдана отырып түсіндіруге тырысады. Автор мысал ретінде Тынық мұхитының солтүстік-батыс жағалауында орналасқан Полинезиядағы маори тайпасының және Меланезия халықтарының өмір салтында пайда болған «сый алмасу» үрдісіне баға береді. Аталмыш тайпалар «Кула шеңбері» және «потлач» ұғымы айналасында өзара сый алмасу жүйесін қалыптастырған (Малиновский, 2004:122).

Автор «сый алмасу» үрдісінің бастамасы ретінде «потлач» – үнділік тайпалар қоғамындағы дәстүрлі сый алмасу рәсімін негізге алады. Потлачтың басты мақсаты – ортақ меншікті қайта бөлу және қоғамдық байланыстарды нығайту. Потлач өз кезегінде тайпалардың беделі мен байлығын көрсетуге және оны елге таратуға бағытталған рәсім. Потлач негізінен дәстүрлі

мейрамдарда орындалады, тайпа көсемдері жақын туыстарын, бәсекелестерін, көршілес тайпалық одақтарды шақыра отырып байлығын ысырап қылған және нәтижесінде кедейлікке де ұшырап отырған. Бұл үрдіс тайпалар арасында алма кезек XX ғасырға дейін жалғасып отырған (Мосс, 1996:56).

Сонымен қатар, Мосс «сый алмасудың» қалыптасуына әсер еткен «Кула шеңбері» жүйесіне тоқталады. Кула шеңбері – дәстүрлі өзара сый алмасу жүйесі, аталмыш шеңбер Массим архипелагында орналасқан 18 аралды қамтиды. Қоғам мүшелері аралдар арасында сағат тілімен және сағат тіліне қарсы бағытта саяхат жасай отырып, дәстүрлі құнды тауарларын айырбастайды. Айырбас ретінде қолданылған тауарлар жеке меншікке өтпейді, олар тек әлеуметтік мәртебе мен қоғамдағы беделді арттыру үшін, сондай-ақ серіктестік байланыстарды нығайту үшін қолданылады. Кула шеңберінің мақсаты – өзара көмек, қолдау көрсету. Кула шеңбері бойынша «сыйлық беруші – сыйлық алушы» ассиметриялы, яғни сыйлық берушінің беделі әрдайым жоғары тұрады. Кулаға қатысушылар айырбас сыйында бағалы заттарды алуға ұмтылады және осы шеңберде сыйлыққа алған затын өзге біреуге сата алмайды. Сағат тілі бойынша айырбас науқанында құнды сыйлық өз иесіне қайтып келуі де мүмкін (Мосс, 1996:136). Шеңбер бойынша адам өмірі өзара сенімге, әлеуметтік жауапкершілікке, мәдени құндылықтарға негізделген. Алайда, антропологиялық құндылықтар мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық балансына байланысты өзгеріп отырады (Graeber, 2005: 23).

Мосс Кула шеңбері арқылы «сыйлық» пен «тауар айырбасына» жеке анықтама бере отырып, «сый алмасу» мен нарықтық формада кездесетін бартер «тауар алмасудың» нақты айырмашылықтарын көрсетіп берді (Шишкина, 2009:74). Мосс теориясы бойынша «сый алмасу» жүйесінің құны моральдық тұрғыда өлшенуі тиіс. Аталмыш теория бүгінгі таңда әлеуметтік медицина саласында органикалық сый алмасуды қоғамдық санаға сіңіру мақсатында қолданылуда. Себебі, ағза мүшелерін транспланттау барысындағы әлемдік тәжірибеде презумпция түсінігі бар: келісу презумпциясы және келіспеу презумпциясы.

Келісу презумпциясы – әрбір адам қайтыс болғаннан кейін, оның ағза мүшелері (қайтыс болған адамның келісімінсіз және ескертусіз) өзге адамға донорлыққа пайдаланылады. Яғни, дәрігер маманның қолында қайтыс болған

адамның тірі кезінде ағза мүшелерін донорлыққа және транспланттауға пайдалануға рұқсат етілмеген өтініш немесе оның жақын туыстары тарапынан өтініш болмаған жағдайда жарамды ағза мүшелері алынады. Келісу презумпциясы Ресей, Австрия, Бельгия, Испания, Чехия, Ұлыбритания, Финляндия, Швеция, Беларусь және Қазақстан Республикасында т.б елдерде қолданыста. Келісу презумпциясы бойынша жер бетіндегі әрбір адам өзінің сау ағза мүшелерін болашақ ұрпаққа сый ретінде қалдыруы тиіс, бұл Марсель Мосстың тұжырымдамасына өте сәйкес келеді. Қайтыс болған адам өзінің ағза мүшелерін кімге сыйлағанын нақты білмейді және бұл үрдіс «Кула шеңбері» бойынша жүретін заңдылыққа негізделуі тиіс (Сокольчик, 2018:23). Алайда бұл үрдіс аталмыш елдерде өз деңгейінде жүзеге асырылып жатқан жоқ. Себебі, келісім презумпциясы қоғамдық қатынас, индивидтер арасындағы өзара қарым-қатынас тарапынан бірқатар кедергілерге тап болуда. Мысалы:

- адамның ерік-жігерін ескеру;
- адамның жеке басына қол сұқпау құқығын сақтау;
- қайтыс болған адамның жақындарын ағзаларды алып қоюға байланысты жауапкершіліктен, моральдық-этикалық және психологиялық жүктемеден босату;
- дәрігерлерді этикалық дөрекі әрекеттер жасаудан босату;
- медицинаның трансплантация саласындағы криминалдық іс-әрекеттерді потенциалды деңгейде төмендету.

Келісім презумпциясы адамдарға өмір сыйлауға, өмір сүруге екінші мүмкіндік қалыптастыруға, қол жетімді медицинаны дамытуға бағытталған.

Келіспеу презумпциясы – әрбір адам қайтыс болғаннан кейін оның ағза мүшелерінің қолданысқа берілуіне қарсы, тек қана тірі кезінде рұқсаттама беру негізінде ғана пайдалануға рұқсат. Келіспеу презумпциясы АҚШ, Канада, Германия, Франция, Португалия, Польша, Украина мемлекеттерінде заңмен бекітілген. Аталмыш елдердің азаматтары донор болғысы келген жағдайда денсаулық сақтау мекемелеріне өтініш жазып, арнайы реестрге тіркелу арқылы жүзеге асырады. Бұл үрдіс реципрокность және альтруистік бағытта жүзеге асырылып жатады.

«Реципрокность» ұғымы Мосс, Поланьи, Салинздың антропологиялық зерттеулерімен тікелей байланысты. Маршалл Салинздың «Экономика каменного века» еңбегі дәстүрлі қоғамдағы реципрокность қатынасына негізделген.

Маршалл Салинз реципрокносттың үш формасын анықтап көрсетеді, бірінші – теңестірілген реципрокность. Теңестірілген реципрокность – нарықтық сауда, «сен – маған, мен – саған» принципі бойынша жүзеге асырылады. Екінші – генерализацияланған реципрокность. Генерализацияланған реципрокность – жақын әлеуметтік топ арасында (туысқандық байланыс) болатын қайтарымсыз қайырымдылықтың түрі. Реципрокносттың үшінші формасының атауына Салинс «негативті» терминін қолданады. Негативті реципрокность – экономикалық алдау-арбау жолымен, яғни, ешқандай қайтарымсыз, төлемсіз пайда табу. Бұл категорияға ұрлық, алаяқтық, сонымен қатар адамдар арасында болатын бағаға байланысты саудаласудың қатаң формасы да жатады (Салинз, 1999:170-210). Аталмыш формалардың ішінде генерализацияланған реципрокностты тікелей донорлықпен байланыстыруға болады. Себебі, ҚР «Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» заңы бойынша (3-тарау, 25-бап) «Қабылдаушымен генетикалық байланыстағы (сүйек кемігін қондыру жағдайларынан басқа), жан-жақты медициналық тексеруден өткен және одан ағзалар (ағзалардың бөлігін) мен (немесе) тіндер алуға болатындығы туралы консилиум дәрігер-мамандарының қорытындысы бар адамдар тірі донор болуы мүмкін». Демек, генетикалық туыстығы бар адамдар арасында ғана ағза мүшелері транспланттай алынады. Бұл дәстүрлі қоғамға сай туысқандық байланыста болатын қайтарымсыз және өмірлік құны жоқ сый.

Аталмыш жағдаятта генерализацияланған реципрокность пен альтруизмды бір ұғым ретінде қарастыра алмаймыз. Себебі, генерализацияланған реципрокность тек жақын туыстар арасында ғана жүретін шекті процесс. Осыған орай, қоғамда көптеген қайшылықтар туындауда. Ағза донорлығы саласында генерализацияланған реципрокносттың белгіленген шекарасын ұлғайту, бұл дегеніміз реципиентке донор оның қандас туыстарынан басқа ағайындас туыстарын да енгізу мәселесі.

Альтруизм ағза донорлығы мәселесіне байланысты келісім және келісімсіз презумпцияға сай жүзеге асырыла береді. Альтруизм бойынша кез келген индивид таныс емес адамға тірі кезінде де, қайтыс болғаннан кейін де саналы түрде донор болады. Альтруизмнің шекарасы шексіз болып келеді (Healy, 2006:48).

«Альтруизм» – бөгде адамдарға жанаршырлық пен мейірбандық танытатын, өзге адам

мүддесіне ерікті қызмет ететін, қоғам игілігі үшін әрекет етуге дайын адамгершілік қағидат, латын тілінен аударғанда «басқа, басқалар» деген мағынаны білдіреді. Моральдық қағидаттар бойынша альтруизм эгоизмге қарама-қайшы құрылым. Альтруизм қоғамда тұлғааралық қарым-қатынас барысында әділдік принципіне сүйенеді. Мысалы, «Әрекет барысында басқа адамның қызығушылығы сен үшін өз мақсатыңа жетудің құралы болмауы тиіс; Өзіңнің іс-әрекетің барысында басқа адамның мүдделері мен құқығына нұқсан келтірме»; Сонымен қатар адамгершілік принципі бойынша «Сенің іс-әрекетіңнің мақсаты өзге адамның мүддесі болсын» (Wuthnow, 1993:344-357).

«Альтруизм» терминін ғылыми айналымға француз ойшылы Огюст Конт эгоизм ұғымына қарама-қайшы түсінік ретінде енгізгені белгілі. Альтруизм принципінің ұраны «өзгелер үшін өмір сүр» болды (Pickering, 2009:36). XIX ғасырда утилитаризм ықпалының әсерімен, альтруизм ортақ қоғам пайдасы үшін жеке қызығушылықты шектеу деп түсіндірілді. Утилитаризм латын тілінен аударғанда «пайда» деген мағынаны білдіреді. Утилитаризм моральдық принцип негізінде ортақ игілікті қоғамға бағытталған буржуазиялық-этикалық теория. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап альтруизм адамның сана сезімінің және мінез-құлқының ерекше құбылысы ретінде арнайы әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық зерттеу барысында «көмек беруші әрекетке» айналды (Быков, 2015:9). Яғни, альтруизм адамдар арасындағы қарым-қатынас контекстінде ынтымақтастық, өзара көмек, қайырымдылық т.б формада қарастырылды. Бүгінгі таңда альтруизмнің бірнеше түрлері бар, соның бірі өзін-өзі құрбандыққа шалу. Альтруизмнің аталмыш түрі келіспеу презумпциясына сай келеді және әр мемлекетте әр түрлі жағдайда жүзеге асып жатады. Мысалы, келіспеу презумпциясы бар АҚШ, Австралия, Ұлыбритания сияқты мемлекеттерде адамдар тірі кезінде донор болуға өтініш білдіріп қояды, арнайы реестрде тіркеуде тұрады. Мұндай азаматтардың жүргізу куәлігіне арнайы белгі қойылады және арнайы құжат беріледі. Донор болуға өтініш білдірген адамның отбасы оның шешімінен хабардар болуы тиіс. АҚШ-та альтруизмге байланысты тұлғааралық қатынастың ең жоғарғы деңгейін көруге болады. Адам тірі кезінде саналы түрде куту парағындағы мұқтаж адамға ағза мүшесін салып жатады. Сонымен қатар батыс елдерінде өзге елдер азаматтарына да донор болу құқығы

сақталған. Мысалы, 2006-2012 жж. Ауғанстан мен Иракта жараланған АҚШ әскерлері Германия ауруханасына жеткізіліп, 140-ға жуық Еуропалық азаматтардың өмірін сақтап қалған. Бұл альтруизмнің ең жоғарғы деңгейі деп айтсақта болады (Шкуренок, 2013:42).

Ағза мүшелері донорлығын «таза айырбас» теориясы тұрғысынан да қарастыруға болады. Экономика тілінде, айырбас – тауардың бір иесінен екінші иесіне өту процесі. Айырбас ерікті және еріксіз болуы мүмкін. Ерікті айырбастың бір түрі сауда. Әр жақ сауданың әділ, тең, тұрақты бағада болуын талап етеді, сондай-ақ тауардың сапалылығы мен құндылығы ескеріледі. Мұндай айырбас бірыңғай эквиваленттік жүйе, яғни тауар бағасын қалыптастыруды талап етеді. Тауар құны тауар бағасына сай болуы тиіс. Айырбас екі түрлі векторда жүруі мүмкін: 1) бартер айналымы – тауар – тауар; 2) ақша схемасы бойынша тауар-ақша-тауар, соңғысы үздіксіз жүретін процесс (Маршалл, 2006:132). Ағза донорлығы мәселесінде экономикалық әрекеттерге көптеген елдерде тыйым салынған. Алайда, Иран мемлекеті ағза донорлығы саласында заң тұрғысынан «айырбас» жүйесін енгізген (Ahad, 2006:6). Иран мемлекетінде адам ағзасы биоматериал ретінде сатылады. Иран мемлекеті трансплантация туризміне айналу алдына шақ қалған еді, алайда мемлекет тарапынан Иран азаматтарының шет ел азаматтарына донор болуға немесе реципиент болуына шектеу қойылған. Заң бойынша донор мен реципиент бір елдің азаматтары болуы тиіс. Аталмыш мемлекетте тек бүйрек ағзасы транспланттауға рұқсат берілген. Ағза донорлығына қатысты Иран мемлекеті мұсылман елі болса да, діни этикалық нормалар сақталмаған.

Егер, мұсылман елдерінде ағза донорлығы «айырбас» принципі бойынша болса, онда келесідей діни-этикалық қайшылықтар кездесетін еді:

– Жалпы трансплантация жасау, яғни бір адамның (тірі болсын, мейлі өлі болсын) кейбір ағзаларын екінші бір адамға ауыстырып, қондыру рұқсат етіледі. Алайда, бұл амал адамды қорламайтын дәрежеде және белгілі бір шарттары толық орындалған жағдайда ғана рұқсат болып табылады (Муфтият: Донорлық немесе трансплантация жасаудың шаріғаттағы орны). Трансплантация жасаудың рұқсат екендігіне мыналар дәлел болады: **«Кім кісі өлтірмеген немесе жер жүзінде бұзақылық қылмаған біреуді өлтірсе, сонда шынайы түрде барлық адамды өлтіргенмен тең және кім**

**оны тірілтсе, (өлімнен құтқарса) барлық адамды тірілткенмен тең» («Маида» сүресі, 32-аят.) Яғни, Құран мен Хадис бойынша ағза донорлығына рұқсат берілген, алайда ағза мүшелерін сату, одан қандай да бір табыс көзін табу болса рұқсат етілмейді. Донордың өзіне немесе өлгеннен кейін мирасқорларына ағза өтемі ретінде материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету шартымен, сауда-саттық, пайда табу секілді мақсаттар көзделетін болса, трансплантация жасау рұқсат етілмейді. («Маида» сүресі, 32-аят.) **Иран мемлекетінде бүйрекке донорлық қаржы мәселесімен, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігімен байланысты болуы да мүмкін.****

– **Ағза донорлығын «айырбастау» яғни, тауар-ақша процесі қоғамда әлеуметтік теңсіздік мәселесін туғызуы мүмкін;**

– **Әлеуметтік деңгейі төмен ортадан еріксіз, туысқандық байланысы жоқ донорлар саны көбеюі мүмкін;**

– **Адам өмірінің құндылығы ескерілмеуі мүмкін;**

– **Тұлғааралық қарым-қатынаста этикалық ұстанымдар бұзылады;**

– **Донор өміріне қауіп көбеюі мүмкін.**

Әлемде ағза донорлығы әр елде әр түрлі жүретін процесс болып тұр. Ағза донорлығы саласында альтруизм донор тапшылығын жоя алмайтындығы белгілі. Альтруизм ерікті донорларды қамтамасыз етеді, алайда әлемде ерікті донорлардың саны өте аз. Бұл күту парағында жатқан адамдардың санын кемітпейді, кейбір елдерде мүлдем жоқтың қасы. «Сый алмасу» тұжырымдамасын донор мен реципиент арасындағы орган алмасудың бір механизмі ретінде қарастырсақ, бұл әлеуметтік теңдікті, әділдікті, сонымен қатар, адам ағза мүшелерінің құндылығын дәріптейді. Ағза мүшелері донорлығы қайтарымыз және құндық өлшемі анықталатын, қайтарымыз механизм болуы тиіс.

Бүгінгі таңда қоғамда ағза донорлығы аясында келісу және келіспеу презумпциясына байланысты түрлі қарама-қайшы пікірлер орын алуды. Қазақстан қоғамында ағза донорлығына байланысты келісу презумпциясы жарияланған. Яғни, адам ағзасының мүшесі өлгеннен кейін кула шеңбері бойынша өзге мұқтаж адамға берілуі тиіс. Алайда, бұл процесс өз деңгейінде жүзеге аспайды. Себебі, қайтыс болған адамның туған-туыстары психологиялық-эмоциялық күйден шыға алмағандықтан көп жағдайдан ағза мүшесін беруден бас тартады. Туған-туыстарынан рұқсат сұрау нақты ҚР заңында

көрсетілмеген, тек медициналық этика барысында орындалуы тиіс шара. Сондай-ақ елімізде генетикалық жағынан туыс адамдар бір-біріне донор бола алады, мұны генерализацияланған реципрокность тұжырымдамасымен байланыстыра аламыз. Генетикалық реципрокность бойынша да елімізде донорлық мәселесі ойдағыдай жүзеге асып жатқан жоқ. Медицина бойынша әр адамның тіндері әр түрлі, генетикалық туыс болғанымен тіндер көбінесе сәйкес келмей жатады. Осыған орай, қоғамда генетикалық туыстардың ауқымын кеңейту мәселесі өзекті болып тұр.

Қазақстан Республикасында альтруистік негіздегі ағза донорлығы қарастырылмаған. Келіспеу презумпциясы заң жүзінде бекітілмеген, себебі, біріншіден – күту парағындағы реципиенттер санын арттырып жіберуі мүмкін; екіншіден – әлеуметтік теңсіздік орын алуы әбден мүмкін, туыстық байланысы жоқ донорлар өз өміріне қауіп туғызуы мүмкін; үшіншіден – медицина саласында этикалық қағидаттар бұзылуы мүмкін; Сонымен қатар Қазақстанда ағза мүшелерін сатуға, сатып алуға, туыстық байланысы жоқ адамдарды мәжбүрлеуге тыйым салынған. Бұл ҚР заңында нақты көрсетілген: «Адам тіндері мен ағзаларын мәжбүрлеп алуға және оларды ауыстырып қондыруға тыйым салынады. Адам ағзалары сатып алу, сату және коммерциялық мәмілелер заты бола алмайды. Мұндай іс-әрекеттерге жол берген адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапқа тартылады». Альтруизмге негізделген донорлық мәселесі де алпауыт мемлекеттерде өз деңгейінде жүзеге асырылмай отыр. Осыған орай, көптеген мемлекеттер тарапынан альтруизмге негізделген ағза донорлығына байланысты институт құру мәселесі қоғамдық талқылауға алынған. Сонымен бір уақытта, альтруизмге негізделген донорлық бұл мәселені толығымен қанағаттандыра алмайтыны белгілі, сондықтан да қоғам қажеттілігі әлеуметтанушыларға осы салада нарықтық элементтерді енгізудің тиімді жолдарын зерттеу міндеттерін қояды.

### Қорытынды

Әлем бойынша ағза мүшелері донорлығы «органикалық сый алмасу» тұжырымдамасына сәйкес негізделгенімен, аталмыш процесте жүзеге асу деңгейі өте төмен. Жыл сайын өміріне қажетті ағзаларды күту парағының тізімінде тұрып, өмірден өтіп жатқан адамдар саны өте көп. «Біреуге екінші өмір сыйлау» ұғымы қоғамға

таңсық нәрсе екені анық. Ағза мүшелерінің донорлығы мәселесін «органикалық сый алмасу» тұжырымдамасы негізінде жүзеге асырылуда, себебі, ағза мүшелерін сату ТМД елдерінде заңға қайшы келетін процесс. ТМД елдері дамушы немесе мешеу қалған елдер санатында болғандықтан, дамыған елдер тарапынан адам ағзаларының сұранысына айналатын аймақ болуы ғажап емес.

Осыған орай ағза мүшелерінің донорлығы мен трансплантация мәселесі «органикалық сый алмасу» теориясына сәйкес жүргізіледі. Органикалық сый алмасу тұжырымдамасы бойынша Мосстың «кула шеңбері» тұжырымдамасы келісу және келіспеу презумпциясына сәйкес:

- кез келген қайтыс болған адам өз ағзасын біреуге сыйлау арқылы мұқтаж адамға екінші өмір сыйлай алады;

- кез келген қайтыс болған адам «кула шеңберіне» сәйкес кімге донор болғандығынан хабарсыз болады;

- ағза мүшелерінің донорлығы Мосс теориясына сай қайтарымыз, қоғамда нақты белгіленген құны жоқ.

Әлемде көптеген мемлекеттерде ағза мүшелерінің донорлығы Мосс теориясына сай жүзеге асырылады, транспланттау процесі ғана дәрігер мамандар тарапынан ақылы болып табылады.

Маршалл Салинс теориясы бойынша генерализацияланған реципрокность негізінде бір-біріне генетикалық жағынан туыс адамдар донор бола алады, бұл жақын туыстар арасында жүретін процесс болғандықтан мұндай сыйдың құны жоқ болып есептеледі, яғни моральдық қатынасқа негізделеді. Демек, ағза мүшелерінің донорлығы заң жүзінде және қоғамдық қатынастарда моральдық құндылықтарға негізделген.

Альтруизмге негізделген донорлық тек дамыған батыс елдерінде ғана қолданыста. Альтруизм – діни аспектіде қайырымдылықтың ең үлкен амалы болып табылады. Альтруизмге негізделген донорлықтың оң және теріс қырлары бар, оны жоғарыда атап өттік.

Елімізде ағза мүшелерінің донорлығына қатысты тұлғааралық байланыстар мемлекет тарапынан шешілуде, бұл жүйеде қоғамдық пікір міндетті түрде ескерілуі тиіс. Көптеген адамдар донор ұғымына қатысты, донор табу немесе донор болу механизміне байланысты әрекеттерден бейхабар. Бұл қоғамда ағза донорлығына байланысты ақпараттандырылудың аздығы. Ақпараттық құралдар тарапынан ағза донорлығына байланысты нақты және қоғамға пайдалы ақпараттар-

дың жарияланбауы. Ақпаратты қоғам заманында әрбір адам ағза донорлығына қатысты заңды талқылауға, ойын мемлекет басына жеткізуге қысқалы. Бұл мемлекетке де ағза донорлығына қатысты заң баптарын қабылдауға, шешім шығаруға септігін тигізеді.

### Әдебиеттер

Штайнер Ф. «Органический» дарообмен и трансплантация органов, развитие экономической социологии и мораль в мире, управляемом деньгами: интервью с Филиппом Штайнером // Электронный журнал «Экономическая Социология». – 2009. Т.10. №1. – С. 6-13 // <https://ecsoc.hse.ru/2009-10-4/26591344.html>

Бердышева Е.С. От критики к аналитике: коммодификация жизненно важных благ как актуальная исследовательская проблема в новой экономической социологии // Электронный журнал «Экономическая социология». – 2012. Т. 13. № 1. – С.67–85// <https://ecsoc.hse.ru/2012-13-1/55567728.html>

Малиновский Б. Аргонавты западной части Тихого океана. – М.: РОССПЭН, 2004. – 552 с.

Мосс М. Общества. Обмен. Личность. – М.: КДУ, 2011. – 416 с.

Graeber D. Toward an anthropological theory of value. – N.Y.: PALGRAVE™. 2001 – 317 p.

Шишкина Т.М. Институт дарообмена и демонстративное потребление как экономические категории и практики. – СПб., 2009. – 329 с.

Сокольчик В. Презумпция согласия: общественное мнение и биоэтические вызовы// Сахаровские чтения 2018 года: экологические проблемы XXI века: материалы 18-й международной научной конференции, 17–18 мая 2018 г., г. Минск.

Салинз М. Экономика каменного века. – М.: ОГИ, 1999. – 296 с.

«Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» ҚР Заңы// Электронды ресурс: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030001101\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030001101_)

Healy K. Last Best Gifts: Altruism and the Market for Human Blood and Organs. – Chicago: Chicago University press, 2006. -193 p.

Wuthnow R. Altruism and sociological theory // The University of Chicago press journals « Social Science Review». Vol. 67, No. 3, 1993. pp. 344-357.

Pickering M. Auguste Comte. An Intellectual Biography, volume 3. – Cambridge: Cambridge University Press, 2009. – 310 p.

Шкуренко О. Как устроены системы донорства органов за рубежом. Мировая практика// Коммерсант деньги. Электронный ресурс: <https://www.kommersant.ru/doc/2208030> (дата обращения: 10.06.2013 )

Быков А.В. Понятие «альтруизм» в социологии: от классических концепций к практическому забвению// Вестник РУДН. – 2015, №1. – С.9-14.

Электронный ресурс: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-altruizm-v-sotsiologii-ot-klassicheskikh-kontseptsiy-k-prakticheskomu-zabveniyu/viewer>

Маршалл А. Основы экономической науки. – М.: Эксмо, 2008. – 594 с.

Ahad J. Ghods, Shekoufeh Savaj. Iranian Model of Paid and Regulated Living-Unrelated Kidney Donation// Clinical journal of the American society of Nephrology. – 2006. vol. 1, pp. 616-625.

Донорлық немесе трансплантация жасаудың шариғаттағы орны // Электронды ресурс: <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2014-06-04/21515-donorlyi-nemese-transplantatsiya-zhasaudyi-shariat/> (уақыты: 04.06.2014)

### References

Shtajner F. (2014) «Organichesky» daroobmen i transplantaciya organov, razvitie ekonomicheskoy sociologii i moral' v mire, upravlyаемом den'gami: interv'y u Filippom Shtajnerom [“Organic” gift exchange and organ transplantation, the development of economic sociology and morality in a money-driven world: an interview with Philip Steiner]// Elektronny journal «Ekonomicheskaya Sociologiya». T.10. №1. – pp. 6-13 // <https://ecsoc.hse.ru/2009-10-4/26591344.html>

Berdysheva E.C. (2012) Ot kritiki k analitike: kommodifikaciya zhizneno vazhnyh blag kak aktual'naya issledovatel'skaya problema v novej ekonomicheskoy sociologii [From criticism to analytics: commodification of vital goods as an actual research problem in the new economic sociology]// Elektronny journal «Ekonomicheskaya sociologiya» T. 13. № 1. pp. 67–85// <https://ecsoc.hse.ru/2012-13-1/55567728.html>

Malinovskij B. (2004) Argonavty zapadnoj chasti Tihogo okeana [Argonauts of the Western Pacific]. -M.: РОССПЭН, – 552 p.

Moss M. (2011) Obshchestva. Obmen. Lichnost' [Societies. Exchange. Personality.]. – М.: КДУ, – 416 p.

Graeber D. (2001) Toward an anthropological theory of value. – N.Y.: PALGRAVE™. – 317 p.

Shishkina T.M. (2009) Institut daroobmena i demonstrativnoe potreblenie kak ekonomicheskie kategorii i praktiki [The institution of gift exchange and conspicuous consumption as economic categories and practices]. Sankt-Peterburg, – 329p.

Sokol'chik V.(2018) Prezumpciya soglasiya: obshchestvennoe mnenie i bioeticheskie vyzovy [Presumption of consent: public opinion and bioethical challenges]// Saharovskie chtenia 2018 goda: ekologicheskie problemy XXI veka: materialy 18-i mejdunarodnoy nauchnoy konferentsii, 17–18 maya, g. Minsk.

Salinz M.(1999) Ekonomika kamennogo veka [ Stone age economics]. -M.: OGI, -296 p.

«Qazaqstan Respublikasynda azamattardyn densaulygyn saqtau turaly» QR Zany [Draft Law of the Republic of Kazakhstan «on health protection of citizens in the Republic of Kazakhstan»].// [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030001101\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030001101_)



Healy K. (2006) *Last Best Gifts: Altruism and the Market for Human Blood and Organs*. – Chicago: Chicago University press, -193 p.

Wuthnow R. (1993) *Altruism and sociological theory* // The University of Chicago press journals « Social Science Review». Vol. 67, No. 3, pp. 344-357.

Pickering M. (2009) *Auguste Comte. An Intellectual Biography, volume 3*. – Cambridge: Cambridge University Press, – 310 p.

Shkurenko O. (2013) *Kak ustroeny sistemy donorstva organov za rubezhom. Mirovaia praktika* [ How organ donation systems work abroad. World practice]. *Kommersant denny. Elektronnyi resurs*: <https://www.kommersant.ru/doc/2208030> (date of request: 10.06.2013 )

Bykov A.V. (2015) *Ponyatie «al'truizm» v sociologii: ot klassicheskikh koncepcij k prakticheskomu zabveniyu* [The concept of “altruism” in sociology: from classical concepts to practical oblivion]. *Vestnik RUDN, seriya Sociologiya. №.1.* pp. 9-14. *Elektronnyi resurs*: <https://cyberleninka.ru/article/n/ponyatie-altruizm-v-sotsiologii-ot-klassicheskikh-kontseptsiy-k-prakticheskomu-zabveniyu/viewer>

Marshall A. (2008) *Osnovy ekonomicheskoy nauki* [Fundamentals of Economics]. – M.: Eksmo, -594 p.

Ahad J. Ghods, Shekoufeh Savaj. *Iranian Model of Paid and Regulated Living-Unrelated Kidney Donation*// *Clinical journal of the American society of Nephrology*, – 2006. vol. 1, pp. -616-625.

*Donorlyq nemese transplantatsya jasardyn shariattagy orny* [ Place of compilation or transplantation of the donor’s blood to another channel] <https://www.muftyat.kz/kk/articles/islam-and-society/2014-06-04/21515-donorlyi-nemese-transplantatsiya-zhasau-dyi-shariat/>